

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі N 60-IV Заңы

Қолданушылар назарына! Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптанқараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне(Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 10, 31-құжат; N 14, 58-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4-құжат; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 13, 85-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20, 21-құжаттар; N 4, 28-құжат; N 16, 131-құжат; N 18, 143-құжат; N 20, 153-құжат):

1) 52-баптың екінші бөлігінде:

"қамтамасыз ете алмайтын қабілетсіздігі" деген сөздерден кейін "сот белгілеген" деген сөздермен толықтырылсын;

"несие берушілердің талаптарын" деген сөздерден кейін "толық көлемде" деген сөздермен толықтырылсын;

"сондай-ақ бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді" деген сөздер "салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 54-1-баптың бірінші бөлігінің төртінші абзацы "жай-күйіне" деген сөзден кейін ", төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігін немесе мүмкіндігінің жоқтығын айқындауға" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж.

., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 12, 72-құжат; N 15, 92-құжат; 2007 ж., N 1, 2-құжат; N 4, 33-құжат; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 17, 140-құжат):

1) 2 1 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер "не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац "меншік иесі" деген сөздерден кейін ", сол сияқты конкурстық іс жүргізу немесе оңалту рәсімі кезінде дәрменсіз борышкердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттік берілген адам" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер "үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 216-баптың екінші абзацындағы "бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер "үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 217-баптың екінші абзацындағы "бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздер "үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; N 3, 20, 23-құжаттар; N 4, 28, 33-құжаттар; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 12, 88-құжат; N 13, 99-

құжат; N 15, 106-құжат; N 16, 131-құжат; N 17, 136, 139, 140-құжаттар; N 18, 143, 144-құжаттар; N 19, 146, 147-құжаттар; N 20, 152-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат):

1) 1 5 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы "отыздан", "жүзден", "үш жүзден" деген сөздер тиісінше "алпыстан", "екі жүз елуден", "төрт жүз елуден" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

"отыздан" деген сөз "алпыстан" деген сөзбен ауыстырылсын;
"бес жүзден бір мыңға дейінгі" деген сөздер "бір мың айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 155-1-баппен толықтырылсын:

"155-1-бап. Конкурстық, оңалтушы басқарушылардың, сырттай байқау әкімшісінің Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасын бұзуы

1. Конкурстық басқарушының Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасын:

кредиторлар комитетінің құрамын уақтылы қалыптастырмауы;
борышкер алдында берешегі бар адамдарға осы берешекті өтеу туралы талап қоймауы;

әдейі және (немесе) жалған банкроттық белгілері анықталған жағдайларда, құқық қорғау органдарына ақпаратты хабарламауы;

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасында көрсетілген мән-жайлар кезінде борышкер жасасқан жарамсыз мәмілелер анықталған жағдайларда, оларды жарамсыз деп тану туралы не сот тәртібімен мүлікті қайтару туралы талаптар қоймауы;

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген кредиторлардың талаптарын уақтылы қарамауы;

кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың белгіленген тәртібін бұза отырып, олармен есеп айырысулар жүргізуі;

сауда-саттық жүргізу туралы ақпараттық хабарды жариялау тәртібін бұзуы;
борышкердің мүлкін (активтерін) сату жоспарын бұза отырып, борышкердің мүлкін сатуы;

кредиторлар комитетімен жасалған келісімдердің талаптарын орындамауы;
әкімшілік шығыстар сметасында көзделген ақшаны артық жұмсауы не мақсатсыз пайдалануы түрінде бұзуы, -

банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі

мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Оңалтушы басқарушының Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасын:

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасында көрсетілген мән-жайлар кезінде борышкер жасасқан жарамсыз мәмілелер анықталған жағдайларда, оларды жарамсыз деп тану туралы не сот тәртібімен мүлікті қайтару туралы талаптар қоймауы;

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген кредиторлардың талаптарын уақтылы қарамауы;

кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың белгіленген тәртібін бұза отырып, олармен есеп айырысулар жүргізуі;

дәрменсіз борышкерді оңалту жоспарын орындамауы;

егер борышкердің оңалту рәсімін енгізгеннен кейін туындаған ақшалай міндеттемелерінің жалпы сомасы оңалту рәсімін енгізген кездегі кредиторлық берешектің жалпы сомасының жиырма процентінен асса, борышкердің ақшалай жаңа міндеттемелерін тудыратын мәмілелерді, кредиторлар комитетінің келісімінсіз жасауы;

кредиторлар комитетімен жасалған келісімдердің талаптарын орындамауы; әкімшілік шығыстар сметасында көзделген ақшаны артық жұмсауы не мақсатсыз пайдалануы түрінде бұзуы, -

банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Сырттай байқау әкімшісінің Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасын:

борышкердің негізгі құрал-жабдықтарды иеліктен айыру, мүлікті кепілге немесе жалға беру бойынша мәмілелер, сондай-ақ олардың орындалуы борышкерге залал келтіруге әкеп соғатын, нарықтық бағадан айтарлықтай төмен бағамен не жеткіліксіз негіздер бойынша басқа да мәмілелер жасауына қатысты іс-әрекеттерін кредиторлар комитетімен келіспеуі, қайта ұйымдастыру жүргізуі;

сырттай байқау рәсінде әдейі және (немесе) жалған банкроттық белгілері анықталған жағдайларда, құқық қорғау органдарына хабарламауы не борышкерге оның қаржылық жағдайын нашарлатқан мүлікті иеліктен айыру жөніндегі мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап қоймауы түрінде бұзуы, -

банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұрып, айлық есептік көрсеткіштің елуден жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), - банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыра отырып, айлық есептік көрсеткіштің сексеннен жүзге дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 156-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"156-бап. Әдейі банкрот болу

Әдейі банкрот болу, яғни коммерциялық ұйым басшысының немесе меншік иесінің, сол сияқты дара кәсіпкердің өз мүдделерін немесе өзге адамдардың мүдделерін көздей отырып жасаған төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы немесе ұлғайтуы, егер бұл әрекетте қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаса, - лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің сексеннен жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға алты жүз елуден жеті жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 157-баптың екінші абзацындағы "жиырмадан", "жүзден", "екі жүзден" деген сөздер тиісінше "отыздан", "екі жүз елуден", "төрт жүз елуден" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 541-баптың бірінші бөлігіндегі "153-157" деген цифрлар "153, 154, 155, 155-1 (төртінші бөлігінде), 156, 157" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 571-2-баппен толықтырылсын:

"571-2-бап. Банкроттық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган

1. Банкроттық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган және оның аумақтық органдары, осы Кодекстің 155-1-бабында (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға банкроттық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысы және оның орынбасарлары, банкроттық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның аумақтық органдарының басшылары және олардың орынбасарлары құқылы.";

7) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

жиырма сегізінші абзацтағы "153-157" деген цифрлар "153, 154, 155, 156, 157" деген
ц и ф р л а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

жиырма тоғызыншы абзацтағы "154-157" деген цифрлар "154, 155, 156, 157" деген
ц и ф р л а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы елуінші абзацпен толықтырылсын:

"банкроттық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын органдардың (155-1 (төртінші бөлігі), 356-баптар);".

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне(Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45, 46-құжаттар; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 77, 79-құжаттар; N 13, 85-құжат; N 16, 97, 98, 103-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; 3, 20-құжат; N 4, 33-құжат; N 5-6, 37, 40-құжаттар; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 102, 105-құжаттар; N 15, 106-құжат; N 18, 144-құжат; N 20, 152-құжат; N 24, 178-құжат; 2008 ж., N 6-7, 25, 27-құжаттар):

501 - баптың 23) тармақшасы:

"конкурстық" деген сөзден кейін "және оңалтушы" деген сөздермен толықтырылсын;

"конкурстық іс жүргізу" деген сөздерден кейін ", оңалту рәсімі" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 2003 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; 15, 139-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; 2005 ж., N 11, 43-құжат; N 21-22, 86-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 11, 55-құжат; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 3-құжат; N 2, 14, 18-құжаттар; N 3, 20-құжат; N 4, 33-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 18, 144-құжат; N 23, 173-құжат):

389 - бапта:

4-тармақтың 3) тармақшасындағы "не соттан тыс тарату рәсімін жүргізу туралы шешім қабылданған" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) банкроттық туралы іс қозғалған жағдайларда қайтарып алынуы немесе оның қолданылуы тоқтатыла тұруы мүмкін."

6. 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 14, 55-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 8, 45-құжат; N 12, 77, 79-құжаттар; N 13, 86-құжат; N 16, 97-құжат; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16-құжат; N 4, 28-құжат; N 13, 98-құжат; N 16, 129-құжат; N 20, 152-құжат; N 23, 176-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат):

50-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сырттай байқау рәсімін, оңалту рәсімін, конкурстық іс жүргізуді және борышкерді конкурстық іс қозғамай тарату рәсімін өткізуді ұйымдастыру;" .

7. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 14, 57-құжат; 2006 ж., N 1, 4-құжат; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 13, 86-құжат; N 15, 95-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 14, 18-құжаттар; N 9, 67-құжат):

1) кіріспедегі "соттан тыс тарату" деген сөздер "сырттай байқау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақшалай міндеттеме - борышкердің кредиторлар жеткізген (беріп жіберген) тауарлардың (орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) құнын төлеуге, пайдаланғаны үшін сыйақы (мүдде) төлей отырып, қарыз сомасын қайтаруға, сондай-ақ ақшалай сипаттағы өзге де талаптар бойынша төлемдерді жүзеге асыруға міндеттілігі;

2) ауыл шаруашылығы ұйымы - жерді пайдалана отырып ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін; мал шаруашылығының, құс шаруашылығының (оның ішінде төлді өсіруден бастап толық циклды асыл тұқымды шаруашылықтардың), бал ара шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін, осы өнімді, оның ішінде ұқсатылған өнімді өткізуден түсетін табысы жылдық табыстың жалпы сомасының елу п р о ц е н т і н е н а с а т ы н ұ й ы м ;

3) әдейі банкроттық - коммерциялық ұйым басшысының немесе меншік иесінің, сол сияқты дара кәсіпкердің жеке өз мүдделерін немесе өзге тұлғалардың мүдделерін көздей отырып жасаған төлем қабілетсіздігін қасақана жасауы немесе ұлғайтуы;

4) әкімшілік шығыстар - сырттан тартылатын және мамандандырылған ұйымдардың көрсететін қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығындарды, оңалтушы және конкурстық басқарушыларға, сондай-ақ сырттай байқау әкімшісіне ағымдағы төлемдер сомасын қоса алғанда, сырттай байқау рәсіміне, оңалту рәсіміне, конкурстық іс жүргізуге, борышкерді конкурстық іс қозғамай тарату рәсіміне бастамашылық жасауға және оларды өткізуге байланысты барлық шығыстар.

Борышкердің таратылуы барысында төлеу бойынша міндеттемелер пайда болған салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер әкімшілік шығыстарға т е ң е с т і р і л е д і ;

5) банкрот - дәрменсіздігін сот белгілеген борышкер;

6) банкроттық - борышкердің сот шешімімен танылған оны таратуға негіз болатын д ә р м е н с і з д і г і ;

7) банкроттық саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - банкроттық саласында (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган ;

8) борышкер - осы Заңда көзделген тәртіппен өзіне сырттай байқау рәсімінің, оналту рәсімінің, конкурстық іс жүргізудің, борышкерді конкурстық іс қозғамай тарату рәсімдерінің қолданылуына төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі негіз болып табылатын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

9) борышкерді мәжбүрлеп тарату - кредиторлардың, прокурордың өтініштері негізінде сот шешімі бойынша жүзеге асырылатын дәрменсіз борышкердің қызметін тоқтату ;

10) дәрменсіздік - ақшалай міндеттемелер бойынша кредиторлардың талабын толық көлемде қанағаттандыруға, еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін тұлғалармен еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысуды жүргізуге, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді қамтамасыз етуге борышкердің сот белгілеген қабілетсіздігі;

11) жалған банкроттық - коммерциялық ұйым басшысының немесе меншік иесінің, сол сияқты дара кәсіпкердің кредиторларға тиесілі төлемдерді кейінге қалдыру немесе ұзарту немесе борыштардан шегерім жасатқызу үшін, сол сияқты борыштарды төлемеуі үшін кредиторларды жаңылыстыру мақсатында өзінің дәрменсіздігі туралы көрінеу жалған хабарлауы ;

12) жоқ борышкер - тұрақты органының, сондай-ақ заңды тұлға оларсыз өз қызметін жүзеге асыра алмайтын құрылтайшыларының, қатысушыларының, менеджерлері мен лауазымды адамдарының тұрғылықты жерін немесе тұрған жерін алты ай ішінде анықтау мүмкін емес борышкер;

13) кепілді кредитор - талаптары борышкердің мүлкін кепілге салумен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша кредитор;

14) конкурстық басқарушы - конкурстық іс жүргізуді жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен тағайындалған адам;

15) конкурстық кредитор - өзінің мүліктік талаптарын қанағаттандыруда заңнаманың күшімен де, кепіл туралы келісімнің күшімен де артықшылығы жоқ кредитор ;

16) конкурстық масса - борышкердің конкурстық іс жүргізу процесінде шығынды өндіріп алуға болатын мүлкі, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда, өзге де тұлғалардың мүлкі ;

17) конкурстық іс жүргізу - кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру және банкротты (дәрменсіз борышкерді) борыштардан босатылған деп жариялау мақсатында жүзеге асырылатын рәсім ;

18) кредитор - еңбекке ақы төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу, авторлық сыйақы төлеу, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, борышкерге азаматтық-құқықтық және өзінің өзге де міндеттемелерінен туындайтын мүліктік талаптары бар тұлға;

19) лауазымды адам - дәрменсіз борышкер - заңды тұлғаның басшысы (басшысының орынбасары), сондай-ақ заңды тұлғаны басқару жөніндегі өкілеттік берілген, заңды тұлғаның алқалы атқарушы органына кіретін өзге де адам;

20) мониторинг - ақпаратты жинауға, өңдеуге және төлем қабілеті жоқ және дәрменсіз ұйымдарға қаржы-экономикалық сауықтыру шараларын уақтылы қолдану және кредиторлардың мүддесін қорғау мақсатында олардың қаржы-экономикалық жай-күйіне талдау жасауға бағытталған іс-шаралар кешені;

21) оңалтушы басқарушы - осы Заңда белгіленген тәртіппен оңалту рәсімінің кезеңіне дәрменсіз борышкердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттік берілетін адам;

22) оңалту рәсімі - сот рәсімі, оның шеңберінде дәрменсіз борышкерге кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және борышкердің таратылуын болдырмау мақсатында оның төлем қабілетін қалпына келтіруге бағытталған Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шаралар қолданылады;

23) санация - оңалту шарасы, оның барысында борышкер мүлкінің иесі (ол уәкілеттік берген орган), кредиторлар немесе өзге де тұлғалар дәрменсіз борышкерге қаржылық көмек көрсетеді, сондай-ақ борышкердің резервтерін жұмылдыру мен оның қаржы-шаруашылық жағдайын жақсарту жөнінде өзге де шаралар кешені іске асырылады;

24) сырттай байқау - борышкер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, әдейі және жалған банкроттық белгілерін анықтау, борышкердің қаржылық жай-күйіне, төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігін немесе мүмкіндігінің жоқтығын айқындау, сондай-ақ кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындаудан жалтару жөніндегі іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талдау жүргізу, кредиторлар тарапынан борышкердің қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйіне, оларды қайта ұйымдастыруды жүргізуіне бақылау жасау, негізгі құралдарды иеліктен айыру, мүлікті кепілге немесе жалға беру бойынша мәмілелер, сондай-ақ орындалуы борышкерге залал келтіруі мүмкін нарықтық бағадан айтарлықтай төмен бағамен не жеткіліксіз негіздер бойынша өзге де мәмілелер жасалуына банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін сот енгізетін рәсім;

25) сырттай байқау әкімшісі - сырттай байқау рәсімін жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлға;

26) төлем қабілетсіздігі - борышкердің ақшалай міндеттемелерін және өзге де

ақшалай сипаттағы талаптарды орындау мерзімі басталған кезден бастап үш ай ішінде оларды орындауға қабілетсіздігі.";

3) 1-1-баптың тақырыбы мен мәтініндегі "Банкроттық туралы заңдар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2 - б а п т а :
 1 - т а р м а қ т а :
 ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"заң" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамалық" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"қорларына" деген сөзден кейін ", банкроттерге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік саласындағы заң актілерімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 3 - б а п т а :

4-тармақтың бірінші бөлігінің екінші абзацы "төлемдер жөніндегі" деген сөздерден кейін "борышкердің филиалдары мен өкілдіктерінің берешегін қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын ;

5-тармақтағы "не соттан тыс тәртіппен" деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақтағы "не соттан тыс тарату рәсімдерін өткізумен" деген сөздер алып тасталсын;

6) 4 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Банкроттық рәсімдерді қолданудың негіздері";

1 және 2-тармақтардағы "не соттан тыс тарату рәсімдерін өткізу туралы уәкілетті органға" деген сөздер алып тасталсын;

7) 6 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы "не соттан тыс тарату рәсімін өткізу туралы шешім қабылданғанға дейін" деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақшадағы "азаматтық заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "не соттан тыс тарату рәсімін өткізу туралы шешім қабылдағаннан " деген сөздер алып тасталып, "өтініші бойынша;" деген сөздер "өтініші бойынша жарамсыз деп танылуға тиіс" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша алып тасталсын;

2 және 3-тармақтардағы "немесе соттан тыс тарату рәсімінің бастамасына" деген сөздер алып тасталсын ;

4-тармақтағы "не соттан тыс тарату рәсімін бастап," деген сөздер алып тасталсын;

5 - т а р м а қ :

"заң" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамалық" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"азаматтық заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - т а р м а қ т а :

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді;

8) 8-баптағы "заңға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 9 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оңалту рәсімін және конкурстық (таратушылық) іс жүргізуді жүзеге асыру мақсатына қол жеткізу үшін оларды жүргізу кезеңінде дәрменсіз борышкердің барлық органдары оларды басқарудан шеттетіледі және борышкердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттік оңалтушы не конкурстық басқарушыға (таратушыға) беріледі.";

1-1-тармақтағы "оны өткізуді уәкілетті орган кредиторлар комитетінің келісімімен борышкердің басшысына жүктеуі мүмкін" деген сөздер "оңалтуды басқарушы болып кредиторлар комитетінің келісімімен борышкердің басшысы тағайындалуы мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы тармақшаның ережесі борышкер әкімшілігінің басшысы болып табылатын лауазымды адамға қатысты, осы баптың 1-1-тармағында көзделген жағдайларда қолданылмайды ; " ;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде төлем қабілеті жоқ борышкердің мүлкін және істерін басқарудан шеттетілген адам;" ;

4) тармақша мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы тармақшаның ережелері осы баптың 1-1-тармағында көзделген жағдайларда қолданылмайды . " ;

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі "функцияларды" деген сөз "өкілеттіктерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 0) 1 0 - б а п т а :

1-тармақтағы "және борышкерді соттан тыс тарату рәсіміне" деген сөздер алып тасталсын ;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі "ақша сомасын" деген сөздер "ақшаны" деген сөзбен ауыстырылсын ;

3-тармақтағы "немесе соттан тыс тарату рәсімін" деген сөздер алып тасталсын;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "уәкілетті орган не" деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөліктегі "немесе уәкілетті органның" деген сөздер алып тасталсын;
үшінші бөлік алып тасталсын;

11) 10-1, 10-2, 10-3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің банкроттық саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие болған нарық субъектілері болып табылатын не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын, сондай-ақ мемлекеттің бастамасымен банкрот деп танылған ұйымдардың банкроттығы кезінде конкурстық массаны сатудың ерекше шарттары мен тәртібін және конкурстық масса объектілерін сатып алушыларға қосымша талаптарды белгілейді;

2) банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін бекітеді;

3) банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

4) борышкердің мүлкін (активтерін) сату бойынша сауда-саттықтар жүргізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы ;

5) заңды тұлғаларды қала негізін қалаушы ұйымдарға жатқызу және олардың тізбесін жүргізу тәртібін айқындайды.

10-2-бап. Уәкілетті органның құзыреті

У ә к і л е т т і о р г а н :

1) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия береді;

2) борышкерге оңалту рәсімдерін қолдануға келісім береді;

3) оңалтушы, конкурстық басқарушыларды және сырттай байқау әкімшісін т а ғ а й ы н д а й д ы ;

4) дәрменсіз борышкердің банкроттық рәсімдерінде оңалтушы және конкурстық басқарушылардың қызметін, сондай-ақ сырттай байқау рәсімі кезінде сырттай байқау әкімшісінің қызметін бақылауды жүзеге асырады;

5) кредиторлар комитетінің құрамын қалыптастырып, бекітеді және оңалту рәсімінде оның алғашқы отырысын шақырады;

6) кредиторлар комитетінің оңалтушы немесе конкурстық басқарушылармен, сондай-ақ сырттай байқау әкімшісімен жасасатын келісімдер жобаларының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуін қарайды;

7) дәрменсіз борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолдануды келісу тәртібін а й қ ы н д а й д ы ;

8) оңалтушы және конкурстық басқарушылар (таратушы) ұсынған конкурстық іс жүргізудің, оңалту рәсімінің әкімшілік шығыстары сметасының жобасын келіседі;

9) оңалтушы басқарушының оңалту рәсімін жүргізу барысы туралы (жасалған мәмілелер туралы ақпаратты талап етеді) және конкурстық басқарушының конкурстық іс жүргізу барысы туралы ағымдағы есептерін, сондай-ақ сырттай байқау әкімшісінің сырттай байқау рәсімінің жүргізілу барысы туралы ағымдағы есептерін қарайды;

10) оңалтушы басқарушының қорытынды есебін келіседі және оңалту рәсімін жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды береді, сондай-ақ конкурстық басқарушының және сырттай байқау әкімшісінің қорытынды есептерін келіседі;

11) оңалту рәсімін тоқтату туралы өтінішпен сотқа жүгінеді;

12) сырттай байқау әкімшісінің, оңалтушы және конкурстық басқарушылардың қорытынды есебінің нысанын және оларды келісу тәртібін бекітеді;

13) конкурстық іс жүргізу, оңалту рәсімі кезінде, сондай-ақ сырттай байқау рәсімі кезінде кредиторлар комитетінің құрамын бекітеді;

14) кредиторлар талаптарының тізілімін бекітеді;

15) санацияға қатысушыдан растайтын құжаттарды талап етуге құқылы;

16) конкурстық іс жүргізу мерзімін ұзартады;

17) конкурстық массаны сату жоспарының жобасын қарайды;

18) осы Заңда белгіленген жағдайларда, оңалтушы, конкурстық басқарушыларды және сырттай байқау әкімшісін шеттету туралы шешім қабылдайды;

19) борышкердің мүлкін (активтерін) сату жөніндегі сауда-саттықтың жүргізілу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

20) жалған және әдейі жасалған банкроттықтың белгілерін анықтайды;

21) оңалтушы, конкурстық басқарушылардың және сырттай байқау әкімшісінің іс-әрекеттеріне шағымдарды қарайды;

22) осы Заңның 6-бабында көрсетілген мән-жайлар кезінде жасалған мәмілелерді анықтау жөнінде шаралар қолданады;

23) сырттай байқау әкімшілерін, оңалтушы және конкурстық басқарушыларды білім беру ұйымы арқылы даярлау ережелерін бекітеді;

24) сырттай байқау әкімшісін, оңалтушы басқарушыны тағайындау және шеттету тәртібін, сондай-ақ конкурстық басқарушыны тағайындау және шеттету, есепке алу және тіркеу тәртібін белгілейді;

25) мониторингті, оның ішінде борышкерден оның қаржы-шаруашылық қызметіне қатысты ақпаратты және құжаттарды талап ету арқылы жүзеге асырады;

26) мемлекеттік органдардан және олардың лауазымды адамдарынан төлем қабілеті жоқ және дәрменсіз борышкерлер туралы ақпаратты сұратады және алады;

27) конкурстық, оңалтушы басқарушылардың не сырттай байқау әкімшісінің

өтініші бойынша конкурстық іс жүргізу, оңалту рәсімінің және сырттай байқау рәсімінің пайдасына, сондай-ақ кредиторлардың мүддесін қорғау мақсатында сотқа жүгіне алады;

28) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді;

29) заңмен белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасайды және олар туралы істерді қарайды, өз құзыреті шегінде әкімшілік жаза қолданады.

10-3-бап. Сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізудің жүргізілуін бақылау

1. Уәкілетті органның сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізудің жүргізілуін бақылаудың нысанасы тараптардың Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасын сақтауы болып табылады.

2. Осы Заңда белгіленген құқықтарды қорғау және тараптардың сырттай байқау рәсімі, оңалту рәсімі, конкурстық іс жүргізу міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуі бақылаудың мақсаттары болып табылады.

3. Осы баптың мақсаты үшін сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізудің тараптары деп кредиторлар, борышкер, мүлік иесі немесе ол уәкілеттік берген орган, кредиторлар комитеті, сырттай байқау әкімшісі, конкурстық және оңалтушы басқарушылар түсініледі.

4. Сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізудің жүргізілуін бақылау мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

1) төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкін және істерін басқаруға лицензиясы бар тұлғалардың банкроттық рәсімдерде тіркелу есебі;

2) мониторинг;

3) камералдық бақылау;

4) сырттай байқау рәсімі, оңалту рәсімі, конкурстық іс жүргізу тараптарының Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасын сақтауын бақылау;

5) сырттай байқау әкімшілерінің, оңалтушы және конкурстық басқарушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сырттай байқау рәсімін, оңалту рәсімін, конкурстық іс жүргізуді өткізу талаптарын сақтауын тексеру.

Сырттай байқау әкімшілерінің, оңалтушы және конкурстық басқарушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сырттай байқау рәсімін, оңалту рәсімін, конкурстық іс жүргізуді өткізу талаптарын сақтауын тексеру шағын кәсіпкерлік субъектілерін бақылау болып табылмайды;

6) борышкердің мүлкін (активтерін) сату бойынша сауда-саттықтың жүргізілу тәртібінің сақталуын бақылау.";

12) мынадай мазмұндағы 10-4-баппен толықтырылсын:

"10-4-бап. Сырттай байқау әкімшілерінің, оңалтушы және конкурстық басқарушылардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сырттай байқау рәсімін, оңалту рәсімін, конкурстық іс жүргізуді өткізу талаптарын сақтауын тексеру

1. Тексеру уәкілетті органның немесе оның аумақтық органдарының нұсқамасы негізінде үш ай мерзімді тексерілетін кезеңде бір реттен жиі жүргізілмейді.

2. Тексеру жүргізуге мынадай деректемелер жазылған нұсқама негіздеме болып т а б ы л а д ы :

1) уәкілетті органда тіркелген күні мен нөмірі;

2) нұсқаманы берген уәкілетті органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің а т ы ж ә н е л а у а з ы м ы ;

4) борышкердің - дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), заңды мекенжайы немесе борышкердің - заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, сондай-ақ оның салық төлеуші ретіндегі тіркеу нөмірі;

5) борышкердің - дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), заңды мекенжайы немесе борышкердің - заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, сондай-ақ оның сәйкестендіру нөмірі;

6) тағайындалған тексерудің нысанасы;

7) тексерудің басталған және аяқталған күні;

8) тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде міндетті талаптары тексерілуге тиісті нормативтік құқықтық актілер;

9) тексерілетін кезең.

Нұсқамаға уәкілетті органның немесе оның аумақтық органының бірінші басшысы не оны ауыстыратын адамдар қол қоюға және елтаңбалы мөрмен куәландырылуға тиіс.

3. Бір нұсқаманың негізінде бір тексеру ғана жүргізіледі.

4. Сырттай байқау әкімшісі, оңалтушы және конкурстық басқарушылар борышкердің аумағына немесе үй-жайына зерттеу жүргізу үшін тексеруші адамдарды жіберуге, сондай-ақ кез келген сұратылған ақпаратты беруге міндетті.

5. Уәкілетті органның тексерулерге басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тартуға құқығы бар.

6. Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адам тексеру нәтижелері бойынша екі данада тексеру нәтижелері туралы акт жасайды, оның біреуін анықталған бұзушылықтармен және басқа да іс-әрекеттермен танысып, оларды жою жөнінде шаралар қолдану үшін сырттай байқау әкімшісіне (оңалтушы немесе конкурстық б а с қ а р у ш ы ғ а) б е р е д і .

7. Тексеру актісінде көрсетілген нәтижелер негізінде Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган мұндай бұзылушылықтарды жою мерзімін көрсете отырып, ұсыну шығарады.";

13) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Кредиторлар комитетін қалыптастыру

1. Сырттай байқау рәсімінде, оңалту рәсімінде, конкурстық іс жүргізуде кредиторлардың мүдделерін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті құрылады.

Кредиторлар комитетін қалыптастыру:

- 1) сырттай байқау кезінде осы Заңның 41-2-бабымен;
- 2) конкурстық іс жүргізу кезінде осы Заңның 70-бабымен;
- 3) оңалту рәсімі кезінде осы Заңның 43-бабымен реттеледі.

2. Кредиторлар комитетінің құрамына еңбекақы төлеу, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша кредиторлардың өкілі, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредиторлар, кредитордың - мемлекеттік материалдық резервті басқару жөніндегі уәкілетті органның өкілі, сондай-ақ борышкерге қоятын талап сомасы неғұрлым көп конкурстық кредиторлар мен кепілді кредиторлар кіреді.

3. Кредиторлар комитеті мүшелері жеті адамнан аспайтын тақ саннан тұрады.

4. Кредитор кредиторлар комитетінің мүшесі ретінде сырттай байқау рәсіміне, оңалту рәсіміне, конкурстық іс жүргізуге қатысудан бас тартуға құқылы.

5. Сырттай байқау әкімшісінің, конкурстық және оңалтушы басқарушылардың, кредиторлар комитетінің, борышкер кредиторларының өтініші бойынша уәкілетті орган осы баптың 2 және 3-тармақтарының талаптарын ескере отырып, қалыптастырылған және бекітілген кредиторлар комитетінің құрамына өзгерістер

енгізуді мүмкін.

6. Қалыптастырылған және бекітілген кредиторлар комитетінің құрамына өзгерістер енгізудің негіздемелері мыналар бола алады:

1) кредиторлар комитеті мүшесінің кредиторлар комитетінің отырыстарына екі реттен артық дәлелді себептерсіз келмей қалуы;

2) борышкерге үлкен сомалы талабы бар кредиторлардың анықталуы;

3) кредиторлар комитеті мүшесінің кредиторлар комитетінің құрамынан өзін шығару туралы өтініші;

4) кредиторлар комитетінің құрамына кіретін кредиторлардың алдындағы міндеттемелерді орындауы;

5) кредитордың кредиторлар комитетінің құрамына өзін қосу туралы өтініші;

6) кредиторға кредиторлар комитетінің құрамында болуға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар (заңды күшіне енген сот актілері, кредиторды тарату не оның қайтыс болуы және басқалар).";

1 4) 1 3 - б а п т а :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"сырттай байқау әкімшісінен, оңалтушы немесе конкурстық басқарушыдан борышкердің қаржы жағдайы және сырттай байқау рәсімдерін, оңалту рәсімін және конкурстық іс жүргізуді жүзеге асыру барысы туралы ақпарат беруді талап етуге;"

сегізінші абзацтағы "банкроттық рәсімін, оңалту рәсімін, соттан тыс тарату рәсімін" деген сөздер "оңалту рәсімін және конкурстық іс жүргізуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 1 5 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

"заңды және жеке" деген сөздер "жеке және заңды" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"азаматтық-құқықтық" деген сөздерден кейін "және өзге де" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 17-баптың 2-тармағындағы "немесе уәкілетті органға" деген сөздер алып тасталсын;

17) 19-баптың 2-тармағының б) тармақшасындағы "қорытындысы қоса тіркеледі." деген сөздер "қорытындысы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақша мен толықтырылсын :

"7) егер борышкерге қатысты сырттай байқау рәсімі жүргізілсе, сырттай байқау әкімшісінің қорытындысы қоса тіркеледі.";

1 8) 2 2 - б а п т а :

1-тармақ "Азаматтық-құқықтық" деген сөздерден кейін "және өзге де" деген сөздермен толықтырылсын ;

3 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) борышкердің - дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрғылықты жері немесе борышкердің - заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) кредитордың - жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), тұрғылықты жері немесе кредитордың - заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері;"

19) 23-баптың 2) тармақшасы "борышкерге" деген сөзден кейін "және уәкілетті органға" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 26-баптың 2-тармағындағы "заң" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 27-баптың 1-тармағындағы "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 29-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы "мәлімдеушінің" деген сөзден кейін "тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

23) 31-баптың 2-тармағындағы "іс жүргізу заңдарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 35-баптың 2-тармағындағы "іс жүргізу заңдарының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңнамасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 5) 3 6 - б а п т а :

1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары "аспайтын мерзімде" деген сөздерден кейін ", оның дәрменсіздігін растайтын құжаттарды қоса" деген сөздермен толықтырылсын;

2-1-тармақтағы "үш" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасындағы "сот органының" деген сөздер "соттың" деген сөзбен ауыстырылсын;

26) 37-баптың 2-тармағындағы "іс жүргізу заңдарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 39-баптың 1-тармағындағы "іс жүргізу заңдарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 8) 4 1 - 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кредитордың не уәкілетті органның өтініші бойынша сот сырттай байқау рәсімін енгізу туралы іс қозғау жөнінде ұйғарым шығарады. Борышкерге қатысты сырттай байқау рәсімі:

1) сырттай байқау рәсімін қолдануға келісім білдірген кемінде үш кредитор, оның ішінде өтініш беруші болған кезде;

2) борышкердің төлем қабілеті болмаған кезде үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге енгізілуі мүмкін.

Бұл ретте, өтініш берушінің ұсынысы бойынша кредиторлардың болуын борышкерден кредиторларының және олардың мүліктік талаптарының мөлшері туралы мәліметті талап ету арқылы сот белгілейді.

Соттың сырттай байқауды енгізу туралы ұйғарымында уәкілетті органға бес күндік мерзімде сырттай байқау әкімшісін тағайындау тапсырылатыны көрсетіледі.

Сырттай байқау әкімшісін тағайындау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

3-тармақтағы "функцияларды" деген сөз "өкілеттіктерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

29) 41-2-баптың 2-тармағындағы "салықтық берешегі болған кезде" деген сөздер "еңбекақы төлеу бойынша және" деген сөздермен, "кредитор" деген сөз "кредиторлардың өкілдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 0) 4 1 - 4 - б а п т а :

1-тармақтың 5) тармақшасындағы "азаматтық заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) уәкілетті органның сұратуы бойынша оған сырттай байқау рәсімі бойынша қажетті ақпарат беруге;" ;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сырттай байқау кезеңі аяқталғаннан кейін кредиторлар комитетімен және уәкілетті органмен келісілген, борышкердің төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігі және оған қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы не борышкерді банкрот деп тану туралы қорытындысы бар өз қызметі туралы есепті сотқа табыс етуге міндетті."

31) 41-6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-6-бап. Сырттай байқау шығыстары

Сырттай байқау әкімшісіне әкімшілік шығыстар мен ағымдағы төлемдер мөлшері кредиторлар мен сырттай байқау әкімшісі арасында жасалатын келісіммен айқындалады .

Сырттай байқау әкімшісіне әкімшілік шығыстар мен ағымдағы төлемдер сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген елу айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде айына бір рет борышкердің мүлкі есебінен төленеді."

32) 41-7-баптың 1) тармақшасындағы "бір апта" деген сөздер "он күн" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 43-баптың 3-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) соңғы үш жылдағы қаржы есептілігі және борышкердің оңалту жоспарын жасау сәтіндегі қаржылық жағдайы туралы мәліметтер;" ;

2-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) борышкерге қатысты сырттай байқау рәсімі енгізілген жағдайда сырттай байқау әкімшісінің төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігі туралы қорытындысы қоса тіркеледі;" ;

34) 44-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Дәрменсіз борышкерді оңалту жоспарында борышкердің төлем қабілетін қалпына келтіру жөніндегі нақты іс-шаралар (оңалту шаралары) және осы Заңның 47-бабының 2-тармағында аталған кредиторлар алдындағы берешекті өтеу мерзімі қамтылуға тиіс .

Табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие болған нарық субъектілері болып табылатын не республиканың экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдардың оңалту жоспарына өзгерістер тиісті орталық атқарушы органмен,

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық органымен, ал қала негізін қалаушы кәсіпорындар бойынша - тиісті облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімімен келісілуге тиіс.

Оңалту жоспарын өзгертуге уәкілетті органның, кредиторлар комитетінің келісімімен жол беріледі және оны сот бекітеді.";

2-тармақтағы "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;"

3 5) 4 5 - б а п т а :

"аудиторлық есеппен және" деген сөздер алып тасталсын;

"басқа да құжаттармен" деген сөздерден кейін ", егер борышкерге қатысты сырттай байқау рәсімі енгізілсе, сырттай байқау әкімшісінің төлем қабілетін қалпына келтіру мүмкіндігі туралы қорытындысымен" деген сөздермен толықтырылсын;

3 6) 4 7 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасы "қоспағанда," деген сөзден кейін "жалақыдан және (немесе) өзге де кірістен ұсталған алименттерді төлеу жөніндегі талаптар, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы "75-бабында белгіленген кезек" деген сөздер "75 және 76-баптарында белгіленген кезектілік пен есеп айырысу ережелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 49-баптың 3-тармағындағы "міндеттері" деген сөз "өкілеттіктері" деген сөзбен ауыстырылсын;

38) 50-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Табиғи монополия субъектілерінің немесе тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие болған нарық субъектілері болып табылатын не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын ұйымдар үшін сот оңалту рәсімінің мерзімін екі жылға дейін ұзартуға құқылы.";

3 9) 5 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "қолданылып жүрген заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "міндеттерді" деген сөз "өкілеттіктері" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "20" деген цифр "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;

40) 52-баптағы "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 53-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "есебі", "Есептің" деген сөздер тиісінше "қорытынды есебі", "Қорытынды есептің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 2) 5 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Санацияның мақсатына жетуге байланысты банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған кезде өзіне осы Заңның 55-бабының 2-тармағында көзделген міндеттеме алған және борышкер мүлкінің меншік иесі болып табылмайтын қатысушы өзі инвестициялаған қаражат сомасында санация басталғанға дейін шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың, акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданған шешімнің негізінде шаруашылық серіктестігі қатысушысының, акционерлік қоғам акционерінің құқығына ие болады, ал егер борышкер мемлекеттік кәсіпорын болып табылса, мемлекеттік орган мүлкінің уәкілетті меншік иесі шешімінің негізінде борышкер алдын ала шаруашылық серіктестігі, акционерлік қоғам болып қайта ұйымдастырылғаннан кейін шаруашылық серіктестігінің, акционерлік қоғам акционерінің қатысушы құқығына ие болады. Егер өндірістік кооператив борышкер болып табылса, санацияға қатысушы кооператив мүшелері жалпы жиналысының шешімі негізінде шаруашылық серіктестігі борышкер болып, алдын ала қайта ұйымдастырылғаннан кейін шаруашылық серіктестігінің қатысушысы құқығына ие болады.";

үшінші бөліктегі "заңда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 59-баптың 1-тармағындағы "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 65-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"65-бап. Жалпы ережелер

1. Конкурстық іс жүргізудің, тарату рәсімінің өткізілу мерзімі сот шешімімен айқындалады және ол тоғыз айдан аспауға тиіс. Конкурстық басқарушының өтініші бойынша кредиторлар комитетінің келісімімен бұл мерзімді уәкілетті орган әрі кеткенде 3 айға ұзартуы мүмкін.

Конкурстық іс жүргізу мерзімі борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

Бұл ретте, конкурстық басқарушының конкурстық іс жүргізу мерзімін ұзарту туралы өтініші уәкілетті органға конкурстық іс жүргізудің белгіленген мерзімі өткенге дейін кем дегенде күнтізбелік он бес күн бұрын жіберіледі.

2. Көлемі үлкен мүлкі бар борышкерді тарату, дебиторлық берешекті өндіріп алудың нақты мүмкіндігінің, сот талқылауларының болуы, конкурстық басқарушының осы Заңның 5 және 6-баптарының талаптарын орындауы кезінде немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі конкурстық массаны сатудың ерекше шарттары мен тәртібін белгілеген жағдайларда, табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие болған нарық субъектілері болып табылатын не республика экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке немесе қоршаған ортаға әсер ете алатын, сондай-ақ мемлекеттің бастамасымен банкрот деп танылған ұйымдардың банкроттығы кезінде

конкурстық басқарушының өтініші бойынша конкурстық іс жүргізу мерзімін уәкілетті орган кредиторлар комитетінің келісімімен көрсетілген мән-жайларды ескере отырып, бір жылға дейін ұзартуы мүмкін.";

45) 68-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) дәрменсіз борышкердің мүлкінен өндіріп алуға қойылған барлық заңнамалық шектеулер алып тасталады.";

46) 69-баптың 2-тармағында:
бірінші бөлік алып тасталсын;
екінші бөлікте:

бірінші абзац "басқарушыға" деген сөзден кейін "(таратушыға)" деген сөзбен толықтырылсын;

1) тармақша "аспауға тиіс" деген сөздерден кейін ", кредиторлармен есеп айырысқанға дейін конкурстық массадан төленетін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

"қосымша төлемдерді" деген сөздер "жүзеге асырылатын және" деген сөздермен ауыстырылсын;

"белгілейді" деген сөз "айқындайтын қосымша төлемдер жатады" деген сөздермен ауыстырылсын;

47) 70-бапта:

1) тармақшадағы "және кредиторлар комитетінің бірінші отырысын шақырады" деген сөздер алып тасталсын;

1-1) тармақша "мүшелеріне" деген сөзден кейін "осы Заңның 12-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімде өтетін" деген сөздермен толықтырылсын;

48) 72-баптың 3-тармағындағы "уәкілетті органға немесе" деген сөздер алып тасталсын;

49) 74-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "жер заңдарымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының жер заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "азаматтық іс жүргізу заңдарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

50) 75-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі "кредиторлар комитетінің" деген сөздерден кейін "оңалтушы немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "азаматтардың" деген сөзден кейін "жалақыдан және (немесе) өзге кірістен ұсталған алименттерді, сондай-ақ талаптарды төлеу бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "алиментті және" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтағы "заң" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

51) 76-баптың 1-тармағында:

екінші бөліктегі "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік "төлемдер бойынша" деген сөздерден кейін ", Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар және міндетті зейнетақы жарналары бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

52) 77-бапта:

1-тармақта:

"70" деген цифр "жетпіс" деген сөзбен ауыстырылсын;

"10" деген цифр "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "азаматтық заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 78-баптың 4-тармағындағы "алименттер және" деген сөздер алып тасталсын;

54) орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

55) 83-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

56) 84-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "Сауда-саттық" деген сөз "Борышкердің мүлкін (активтерін) сату жөніндегі сауда-саттық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ "меншікке" деген сөзден кейін "сату жоспарында көрсетілген ең төменгі баға бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

57) 85-бапта:

1-тармақтағы "заңдарға" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "азаматтық заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

58) 87-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "Конкурстық басқарушы сот ұйғарымының" деген сөздер "Сот ұйғарымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

59) 88-бапта:

3-тармақтағы "тізіліміне" деген сөз "тіркеліміне" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Борышкерді заңды тұлғалардың тіркелімінен алып тастау туралы бұйрықтарды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар сотқа және уәкілетті органға жібереді.";

60) 92-бапта:

1-тармақтағы "тізіліміне" деген сөз "тіркеліміне" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "заң" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

61) 94-баптың 5-тармағының екінші бөлігіндегі "банкроттық туралы іс қозғау жөнінде хабарландыруды" деген сөздер алып тасталсын;

62) 8-тарау алып тасталсын;

63) 106-бап алып тасталсын.

8. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 2, 12-құжат; N 15-16, 232-құжат; 2003 ж., N 19-20, 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат ; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20-құжат; N 9, 67-құжат, N 18, 145-құжат):

36-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Астық қабылдау кәсіпорны белгіленген тәртіппен тек қана сот шешімі бойынша банкрот деп танылуы мүмкін."

9. "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 3, 21-құжат; N 16, 99-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20-құжат; N 17, 136-құжат): көрсетілген Заңға қосымшаның 19-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізудің өткізілуін бақылау."

10. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 17, 135-құжат):

8-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларының талаптары Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес өздеріне қатысты оңалту рәсімі өткізілетін әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды."

2-бап. Осы Заң, 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 4-тармағын, 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 7-тармағы 12) тармақшасының тоғызыншы абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы Заңның 1-бабының 7-тармағы 12) тармақшасының тоғызыншы абзацы қолданысқа енгізілген күннен бастап осы Заңның 1-бабының 7-тармағы 12) тармақшасының сегізінші абзацының күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 327-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Президенті

*Қ а з а қ с т а н
Н. Назарбаев*

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК